

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы**



**Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажиліс Парламентта

201__ жылғы “_____” _____

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

2017 жылғы 7 маусымда
жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Біздің депутаттық сауал жолдауымызға себеп болып отырған еліміздің өңірлерінен келіп отырған арыздар. Оған негіз болып тұрған, кейінгі бес жылдың ішінде Батыс Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында ерекше өршіп тұрған шіркей мәселесі. Бұл құбылыстың мамыр-маусым айларында, ауыл шаруашылығы жұмыстары қызған кезде, іс барысына кедергі болып тұрғаны алаңдатуда.

Шіркейлер адамдар мен малдарды шаққан жерлері қызарып, уының әсерінен қатты ісініп, дене қызуы көтеріледі. Сонымен қатар, осы өңірлердегі аудандардың эпидемиологиялық ахуалына да теріс ықпал етуде. Олар тарихи деректерге сәйкес туляремия, сібір жарасы, онхоцеркоз, тіпті оба сияқты аса қауіпті аурулар қоздырғыштарын тасымалдауы мүмкін. Шіркейлердің еліміздің, басқада өңірлерінде, Астана, Алматы қалаларында да кездесіп жатқанын ескеріп, және аталмыш аурулардың адам денсаулығына аса қатерлі екенін айтып өткен жөн.

Осы бүгін, өте қатты зардап шегіп жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс, Отырар, Шардара, Мақтарала аудан тұрғындары.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы, бүгінгі таңда елімізде су тасқыны және шегірткемен күресуге қыруар қаржы мардымсыз жұмсалуда. Халқымыздың «Аузы сүткекүйген, суды үрлеп ішеді» - деген мақалы әлі де сабақ болмай отыр. Жылда қайталанатын, осы қауіптердің алдын алу нәтижелі жолға қойылмағаны байқалады. Керісінше осы жағдайларды туындатуға қолайлы жағдай туындатып жатқандай. Осы мәселені жою мен алдын алуға жыл сайын бюджеттен көптеген қаржылар шығындануда.

Осыған орай, Сізден туындап отырған жағдайдың өте күрделі екенін ескере отырып, аталған елді мекендерде тұратын халықтың денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге, ауыл тұрғындарының қалыптасқан тіршілігі мен шаруашылықтарын тыңғылықты жүргізу мақсатында осы

мәселелердің шешілуіне қатысты тиісті мемлекеттік органдарға тапсырма беруіңізді сұраймыз. Аталған кемшіліктердің жылдан жылға жалғасып келуіне байланысты, осы проблемаға қатысты басшы қызметкерлердің жауапкершілігін күшейтуді жөн деп санаймыз.

Сонымен қатар, орталық және жергілікті органдардың жауапты қызметкерлерінен, сондай ақ осы мәселемен айналысатын ғалымдардың қатысуымен жедел комиссия құрып аталған өңірлерге қазіргі кезде жіберіліп, тиісті шаралар қолданылса орынды болар еді.

Қорытындысы бойынша жауапты заңнамада көрсетілген мерзімде жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
**Қазақстан Республикасы Парламент
Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан»
партиясы Фракциясының мүшелері**

Қ.Ержан

Е. Бектұрғанов

Ж. Жарасов

Ш.Өтемісов